«Қазақстандағы Халықаралық суды бағалау орталығының қызметін қамтамасыз ету»		
Бағдарлама: *254 «Су ресурстарын тиімді басқару»*	Жұмыстың толық құны:	133 878 051,78 тг.
Кіші бағдарлама: *105 «Трансшекаралық суды тиімді пайдалану және қорғау, су қарым-қатынастарын реттеу мәсселелері жөнінде шектес мемлекеттермен ынтымақтастықты ұйымдастыру»*	2022 жылға арналған қаржыландыру лимиті:	49 893 000, 00 тг.
Ерекшелігі: *156 «Консалтингтік қызметтерге ақы төлеу»*	Орындалған жұмыстың, оның ішінде осы акт бойынша жұмыстардың құны:	
Мердігер: *«ХАҚҚ ҚР-дағы АД» ҚҚ*	а) жылдың басынан:	13 577 000,00 тг
	б) есептік ай бойынша:	3 437 500,00 тг

АННОТАЦИЯЛЫҚ ЕСЕП

2022 жылғы сәуір айына

Мемлекеттік сатып алу туралы 2020 жылғы 25 маусымдағы № 83 шартқа 2022 жылғы 26 қаңтардағы № 3 қосымша келісім бойынша

Әзірлеуші:
«Халықаралық Аралды құтқару қорының
Қазақстан Республикасындағы
Атқарушы дирекциясы» Қоғамдық қоры
Директоры Б.К.Бекниязов
_____

2022 жылғы 22 сәуір

Алматы қ.

«Халықаралық Аралды құтқару қорының Қазақстан Республикасындағы Атқарушы дирекциясы» Қоғамдық қорының «Халықаралық суды бағалау орталығы» филиалының аннотациялық есебі

<u>2022 жылғы сәуір айына</u>

Қазақстандағы Халықаралық суды бағалау орталығының (*бұдан әрі – ХСБО*) 2022 жылға арналған келісілген Жұмыс жоспарына сәйкес есепті айда мынадай іс-шаралар орындалды.

1. «Төтенше жағдайлар кезінде Сырдария өзенінің ластануының алдын алу және оған ден қою жөніндегі бірлескен шараларды әзірлеу» жобасын орындау

Есепті кезеңде «Төтенше жағдайлар кезінде Сырдария өзенінің ластануының алдын алу және оған ден қою жөніндегі бірлескен шараларды әзірлеу» жобасының сарапшылар тобының қатысуымен (*бұдан әрі – жоба*) сарапшылар тобы авариялық жағдайлар туындаған кезде Сырдария өзені суларының ластануын болдырмау және азайту шаралары жөніндегі негізгі тұжырымдар мен ұсынымдарды дайындау бойынша талдамалық жұмыс жүргізді. Жиынтық тұжырымдар мен ұсынымдар қоса беріледі. *1 – қосымша-Сырдария өзенінің авариялық ластануын болдырмау шаралары жөніндегі қорытындылар мен ұсынымдар.* Сондай-ақ, жетекші сарапшы мен халықаралық консультанттың қатысуымен жоба бойынша қорытынды есептің бастапқы нұсқасы дайындалды.

Осы жұмыс аясында ХСБО бірқатар консультациялар мен кездесулер ұйымдастырды. Оның ішінде, 2022 жылғы 11 сәуірде жобаның жетекші сарапшысымен және халықаралық консультантымен жұмыс консультациясы болып өтті, оның қорытындысы бойынша жоба бойынша қорытынды есептің бастапқы нұсқасын пысықтау бойынша ұсынымдар берілді.

21 сәуірде Өнеркәсіптік авариялар жөніндегі БҰҰ ЕЭК конвенциясының және Трансшекаралық су ағындары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану туралы конвенцияның (*бұдан әрі – Трансшекаралық сулар жөніндегі конвенция*) Хатшылығымен онлайн жұмыс кеңесі өтті. Кеңесте жобаның бірінші кезеңін орындаудағы ілгерілеу, соның ішінде Сырдария өзенінің авариялық ластану қаупін төндіретін объектілерді талдау, сондай-ақ төтенше жағдайлар туындаған кездегі авариялар тәуекелдерін талдау талқыланды. Кеңес қорытындысы бойынша жобаның алдын ала нәтижелері бойынша қысқаша ақпарат дайындалды, сондай-ақ 2022 жылғы 29 сәуірде сарапшылардың кезекті техникалық кеңесін өткізу туралы уағдаластыққа қол жеткізілді. *2-қосымша-Жобаның бірінші кезеңінің түйіндемесі.*

Қазіргі уақытта 2022 жылғы 29 сәуірге жоспарланған жоба сарапшыларының техникалық кеңесіне онлайн режимінде дайындық жұмыстары жүргізілуде. Кеңесте жоба нәтижелері бойынша жинақталған

талдау баяндамасын талқылау жоспарлануда. Кеңеске Сырдария өзені бассейнінің жағалауындағы төрт елдің ұлттық сарапшылары, халықаралық консультанттар мен Өнеркәсіптік авариялар жөніндегі БҰҰ ЕЭК конвенциясы және Трансшекаралық сулар жөніндегі конвенция Хатшылығының өкілдері қатысады.

2. Трансшекаралық су ағындары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану туралы конвенцияның хатшылығымен өзара іс-қимыл жасау, жұмыс органдарының (Бюроның, Су ресурстарын ықпалдастыра басқару жөніндегі жұмыс тобының, Мониторинг және бағалау жөніндегі жұмыс тобының, Су және климат жөніндегі нысаналы топтың, Судың, энергия мен азық-түліктің өзара байланысы жөніндегі нысаналы топтың) отырыстарына және Конвенцияны жүзеге асыру шеңберінде ұйымдастырылатын басқа да іс-шараларға қатысу

2022 жылғы 1 сәуірде «Қазақстанның су саласын дамыту перспективалары» (2022 жылғы 29 сәуір, Нұр-Сұлтан қаласы) парламенттік тыңдауында БҰҰ ЕЭК өкілінің қатысуын, сондай-ақ БҰҰ су ресурстары жөніндегі бастамасының ТДМ 6 пен ТДМ 6.5.2 есебінің презентация бойынша Трансшекаралық сулар жөніндегі конвенция Хатшылығының өкілдерімен онлайн режимінде жұмыс кездесуі өтті. Кездесу қорытындысы бойынша БҰҰ ЕЭК қоршаған орта жөніндегі бөлімінің директоры Марко Кейнер мырзаның тыңдауда сөз сөйлеуі туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

2022 жылғы 4 сәуірде БҰҰ Су ресурстары жөніндегі конференциясы-2023 үшін Жалпыеуропалық өңірлік дайындық кеңесіне (2022 жылғы 12-13 сәуір, Женева қ., Швейцария) дайындық бойынша Трансшекаралық сулар жөніндегі конвенция Хатшылығының өкілдерімен онлайн режимінде жұмыс консультациясы өтті. Атап айтқанда, кеңеске қазақстандық тараптың қатысуы туралы, сондай-ақ кеңес аясында БҰҰ ЕЭК атқарушы хатшысы О.Алгаеровамен кездесуді ұйымдастыру туралы мәселе талқыланды. Кездесу қорытындысы бойынша ХСБО қазақстандық тарап өкілінің кеңес жұмысына қатысуын дайындауға, сондай-ақ оның сөйлеген сөзінің мәтінін дайындауға жәрдемдесетін уағдаластыққа қол жеткізілді.

3. Трансшекаралық су ағындары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану туралы конвенция Бюросы Төрағасы орынбасарының Бюро отырыстарына және басқа да іс-шараларға қатысуын дайындауға көмек көрсету

Қазақстан тарапының 2022-2023 жылдарға арналған Трансшекаралық сулар жөніндегі конвенция шеңберіндегі іс-шараларға және су ресурстары саласындағы басқа да жаһандық іс-шараларға қатысуын жоспарлау мақсатында ХСБО Конвенцияның Ұлттық үйлестірушісі мен Бюро мүшесінің іссапар шығыстарын бағалау жөніндегі ұсыныстар және іс-шаралар жоспарын дайындады. Ұсыныстар ҚР ЭГТРМ Трансшекаралық өзендер департаментінің қарауына енгізілді.

2022 жылғы 1 наурызда Трансшекаралық сулар жөніндегі конвенция Бюросының Конвенция шеңберіндегі іс-шараларды, оның ішінде

Конвенцияның 30 жылдығын мерекелеу жөніндегі іс-шараларды дайындау мәселелерін талқылау жөніндегі телеконференциясы өтті. МЦОВ төраға орынбасарының телеконференцияға қатысуы үшін ақпараттық жазба дайындады.

Қазіргі уақытта ХСБО Трансшекаралық сулар жөніндегі конвенцияның 30 жылдығына орайластырылған Су ресурстарын біріктірілген басқару жөніндегі жұмыс тобы мен Мониторинг және бағалау жөніндегі жұмыс тобының төртінші бірлескен отырысына (2022 жылғы 28-29 маусым Эстония, Таллин қаласы) Конвенция Бюроның төрағасы орынбасарының қатысуы туралы мәселені пысықтауда. Сондай-ақ ХСБО Трансшекаралық сулар жөніндегі конвенцияның 2022-2024 жылдарға арналған жұмыс бағдарламасының орындалуы талқыланатын Конвенция Бюросының отыз үшінші отырысына (2022 жылғы 20-21 қазан, Женева қ., Швейцария) дайындыққа жәрдем көрсетеді.

4. Трансшекаралық сулар бойынша ынтымақтастықты дамыту мәселелері бойынша, оның ішінде трансшекаралық су ағындары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану туралы конвенцияға су және денсаулық проблемалары жөніндегі Хаттама бойынша талдамалық-ақпараттық материалдарды дайындауда Қазақстанның мемлекеттік органдарына жәрдемдесу

Есепті кезеңде келесі аналитикалық-ақпараттық материалдарды дайындау бойынша жұмыс жүргізілді:

- БҰҰ 2023-су ресурстары бойынша конференциясына БҰҰ ЕЭК Жалпыеуропалық кеңесіне (2022 жылғы 12-13 сәуір, Швейцария, Женева қ.) дайындық жұмысы жүргізілді. Атап айтқанда, кеңеске қатысу үшін ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар Вице-министрі С.Қожаниязовқа Трансшекаралық сулар конвенция бойынша және кеңес бағдарламасына енгізілген мәселелер жөніндегі ақпараттық-анықтамалық материалдар дайындалды. *3 – қосымша- Трансшекаралық сулар жөніндегі конвенцияны жүзеге асыруға Қазақстанның қатысуы туралы ақпарат. 4-қосымша-БҰҰ 2023 су ресурстары жөніндегі дайындық конференциясына анықтамалық ақпарат.* Сондай-ақ, ҚР экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрдің кеңесте сөйлеген сөзінің жобасын және БҰҰ ЕЭК атқарушы хатшысы О. Алгаеровамен 2022 жылғы 12 сәуірде Женева қаласында өткен кездесуіне ұсыныстар жобасын дайындауға қатысты. *5 – қосымша- БҰҰ ЕЭК атқарушы хатшысымен кездесуге ұсыныс.* Сөз сөйлеу жобасына ұсыныстар ҚР ЭГТРМ электрондық поштасына жіберілді.

- ХСБО «Қазақстан мен Орталық Азияның су ресурстарын тиімді пайдалану мәселелері мен перспективалары: ынтымақтастықтың халықаралық-құқықтық шеңберін дамыту» тақырыбында дөңгелек үстел (2022 жылғы 21 сәуір, Нұр-сұлтан қаласы) материалдарын дайындауға көмектесті. Соның ішінде күн тәртібі мен кіріспе сөз жобасын және дөңгелек үстел қарарының жобасын дайындауға қатысты. *7-қосымша-«Қазақстан мен Орталық Азияның су ресурстарын тиімді пайдаланудың мәселелері мен*

перспективалары: ынтымақтастықтың халықаралық-құқықтық шеңберін дамыту» дөңгелек үстел материалдары.

5. Қазақстанда, Орталық Азия елдерінде және әлемнің басқа да өңірлерінде (Дүниежүзілік су форумы, Дүниежүзілік су апталығы және басқалар)ұйымдастырылатын трансшекаралық суларды қорғау және пайдалану мәселелері жөніндегі іс-шараларға қатысу

2022 жылғы 12-13 сәуірде Швейцарияның Женева қаласында 2023 жылы Нью–Йорк қаласында «Тұрақты дамуға арналған су» іс-қимылының халықаралық онжылдығы шеңберінде ұйымдастырылатын БҰҰ су ресурстары-2023 жөніндегі конференциясына Жалпыеуропалық өңірлік дайындық кеңесі өтті. Кеңесті БҰҰ ЕЭК «БҰҰ-су ресурстары» тетігімен бірлесіп аралас форматта (онлайн және офлайн) ұйымдастырды.

Кеңес су онжылдығының мақсаттарына қол жеткізудегі прогресті шолуға және жалпы еуропалық аймақтағы прогресті жеделдету үшін қажетті әрекеттерді жандандыруға бағытталған. Кеңес жұмысына су ресурстары, ауыл шаруашылығы және қоршаған орта үшін жауапты мемлекеттік органдардың, сыртқы саяси ведомстволардың, сондай-ақ БҰҰ ЕЭК өңірінен бірлескен органдардың, халықаралық және үкіметтік емес ұйымдардың, ғылыми топтардың өкілдері қатысты.

Кеңесте сумен жабдықтау және санитария қызметтерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, судың ластану проблемаларын шешу және экожүйелерді сақтау, сондай-ақ ұлттық және трансшекаралық деңгейлерде су ресурстарын басқаруды жетілдіру жөніндегі БҰҰ ЕЭК өңірі елдерінің тәжірибесі қаралды. Талқылау нәтижелері бойынша су жөніндегі іс-қимылдардың халықаралық онжылдығының мақсаттарын одан әрі іске асыру бойынша ұсыныстар әзірленді. Кеңестің нәтижелері мен материалдары БҰҰ-ның 2023 жылғы су ресурстарының жай-күйі туралы «өзгерістерді жеделдету: әріптестік пен ынтымақтастық» дүниежүзілік баяндамасын дайындау кезінде пайдаланылатын болады. Кеңес туралы толық ақпаратты қосымшадағы материалдарға қоса береміз. *8-қосымша-Жалпыеуропалық өңірлік дайындық кеңесі туралы ақпарат.*

ХСБО атынан онлайн режиміндегі кеңеске бас сарапшы Жакен Кульпаш және қоғаммен байланыс және әкімшілік ету жөніндегі бас маман Алимусина Арайлым қатысты.

2022 жылғы 13-14 сәуірде аралас форматта (Женева қаласындағы Ұлттар Сарайында және онлайн) мониторинг, бағалау және деректермен алмасу жөніндегі сарапшылардың кеңесі өтті. Кеңестің мақсаты «Трансшекаралық өзендер, көлдер және жерасты суларын мониторингтеу мен бағалауға стратегиялық көзқарас» атты жаңартылған жарияланымның бірінші нұсқасын және «Трансшекаралық деректермен алмасу барысында алынған тиісті практика мен сабақтар» атты жаңа жарияланымның мазмұнын талқылау болды. Кеңеске қоршаған ортаны мониторингілеу және бағалау саласындағы сарапшылар, трансшекаралық сулар жөніндегі Конвенцияның Ұлттық үйлестірушілері, халықаралық ұйымдардың, ҮЕҰ өкілдері және басқа да сарапшылар қатысты. Кеңес шеңберінде топтарда сарапшылардың жұмысы

ұйымдастырылды, оның қорытындысы бойынша қатысушылар қаралатын жарияланымдарға енгізілген өзгерістермен танысты және өз ескертулері мен ұсыныстарын ұсынды. Кеңес туралы толық ақпаратты қосымшадағы материалдарға қоса береміз. *9-қосымша-Мониторинг және бағалау жөніндегі сарапшылар кеңесі туралы ақпарат.*

ХСБО атынан онлайн режиміндегі кеңеске бас сарапшы Жакен Кульпаш және қоғаммен байланыс және әкімшілік ету жөніндегі бас маман Алимусина Арайлым қатысты.

6. Қаржыландыру.

Сәуір айында сұралған жалпы қаржыландыру сомасы **3 437 500 тенге** теңге, оның ішінде:

- есептелген еңбекақы төлемі – 2 298 100 теңге

(еңбекақы – *2 072 500*, әлеуметтік салық – *135 000*, әлеуметтік аударымдар – *46 100*, медициналық сақтандыруға аударымдар – *44 500*);

- кеңсені жалға алу – 723 800 теңге;
- қызметтерді жеткізушілерге үшін ақы төлеу – 115 600 теңге;
- үстеме шығыстар – 300 000 теңге – Қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы 2020 жылғы 25 маусымдағы № 83 шарт бойынша қызметтерді басқаруға және ұйымдастыруға жұмсалған «ХАҚҚ ҚР-дағы Атқарушы дирекциясы» ҚҚ шығындары.

Қосымшалар:

1) 1 – қосымша-Сырдария өзенінің авариялық ластануын болдырмау шаралары жөніндегі қорытындылар мен ұсынымдар, 5 б.

2) 2-қосымша-Жобаның бірінші кезеңінің түйіндемесі, 2 б.

3) 3 – қосымша- Трансшекаралық сулар жөніндегі конвенцияны жүзеге асыруға Қазақстанның қатысуы туралы ақпарат, 5 б.

4) 4-қосымша-БҰҰ 2023 су ресурстары жөніндегі дайындық конференциясына анықтамалық ақпарат, 13 б.

5) 5 – қосымша-БҰҰ ЕЭК атқарушы хатшысымен кездесуге ұсыныс, 4 б.

6) 6-қосымша-«Қазақстан мен Орталық Азияның су ресурстарын тиімді пайдаланудың мәселелері мен перспективалары: ынтымақтастықтың халықаралық-құқықтық шеңберін дамыту»дөңгелек үстел материалдары, 6 б.

7) 7-қосымша-Жалпыеуропалық өңірлік дайындық кеңесі туралы ақпарат, 1 б.

8) 8-қосымша – Мониторинг және бағалау жөніндегі сарапшылар кеңесі туралы ақпарат, 1 б.

Директор **Б. Бекнияз**